

AQTÓǴAI AJARY

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

Gazet 1938 жылғы 15 тамыздан шығady

@ aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№49 (7886)
Жұма
9 желтоқсан
2022 жыл

Жолдау мұраты – ел мүддесі

Тарихи кезеңнің баспалдағы

Астанада өткен ұлықтау рәсімінде Мемлекет басшысы: «Шын мәнінде, ел сенімін еш нәрсемен өлшеу мүмкін емес. Халықтың сенімі – ең құнды нәрсе. Сайлау нәтижесін халқымыздың саяси бағдарыма – бағасы, алдағы жоспарыма – батасы деп қабылдаймын. Халқының қолдауына ие болып, ел тізгінін ұстау – ер азамат үшін ең биік мәртебе әрі орасан зор жауапкершілік», – деп атап өтті. Расында, сенім адамға күш-жігер береді, алға ұмтылдырып, алысқа жетелейді. Адамды биікке бастайтын да, алынбас қамалды бағындыруға ынталандыратын да осы – сенім күші.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің сөзінде еліміздің алдағы дамуының он бағытын айқындап, нақты жоспарларын бөлісті. Соның ішінде қоғамды трансформациялап, Қазақстанды шынайы демократиялық институттары дамыған елге айналдыру мақсаты екенін қадап айтты. Сондай-ақ, алдағы жылдары халықтың әлауқатын арттыруға бағытталған іс-шаралар жүргізілетінін мәлімдеді.

Елдің күткені де осы еді. Шынында, еліміз алдағы жаңа бастамалардың нәтижесінде дамудың даңғыл жолына түсіп жатса, елдің іргесі сөгілмей, бірлігі бекітіні анық. Халықтың тұрмыс-тіршілігі жақсарса, мемлекетіміз бен егемендігіміз мәңгі боларына сенім мол Мемлекет басшысы өз сөзінде осынау құндылықтарды мызғымастай етіп бекіту – Қазақстанның Президенті ретіндегі қасиетті парызы екенін айтып өтті.

Президент өз сөзінде: «Алдағы 7 жылды бүгінгі буынның және келешек ұрпақтың алдындағы борышымды өтеуге берілген бірегей мүмкіндік деп білемін. Қазақста «аманат» деген асыл ұғым бар. Халқымыздың сенімі – маған аманат. Осы аманатқа адал болу – мен үшін қасиетті парыз. Ел үмітін ақтап, Қазақстанды өркендеген, бақуатты мемлекетке айналдыру үшін қолымнан келгенін бәрін жасаймын», – деп атап өтті.

Жаһандану заманы – білімділердің төрге озатын кезі. Өздеріңізге белгілі, Президент сайлауалды бағдарламасында білім сапасын арттыруға, ғылымға ерекше көңіл бөлді. Мен ғылым мен білім беру саласының қызметкері ретінде уәде етілген өзгерістердің сөз жүзінде емес, іс жүзінде жүзеге асқанын қалаймын.

Қазақ елі тарихи кезеңге аяқ басып отыр. Енді әділетті Қазақстан құру үшін қоғамда болып жатқан үдерістерге әрбіріміз жауапкершілік алуымыз қажет.

Л.Қақабаева,

«Аққыз» бөбекжай балабақшасының меңгерушісі.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың жаңа 7 жылға арналған нақты жоспарын әзірлеуді жылдық мерзімге қайта сайлануына байланысты ұлықтау рәсіміндегі сөздерін толық тындап және одан кейін

жылға арналған нақты жоспарын әзірлеуді тапсырамын. Бұл менің жаңа президенттік мерзімдегі бірінші Жарлығым болады. Үкімет ауылды дамытуға арналған барлық

Ауыл ахуалының артуы – басты назарда

бірнеше оқып шықтым. Президент жауапкершілігіне орасан зор міндеттер алды. Ата Заңымызға қолын қойып, бүкіл халыққа ант беріп, «...Мемлекет, ел мүддесі мен үшін бәрін биік, ел сенімі мен үшін ең үлкен жауапкершілік», – деп толғана сөйлеуі біле-білген адамға өте керемет әсер қалдырғаны анық. Орасан жауапкершілікті мойнына алу, «орындаймын», «орындатамын», «барлық күш-жігерімді жұмсаймын», – деді.

Инаугурациядағы сөзінде Президент, ең алдымен, қол қоятын Жарлықтарымыздың бірі ауыл жайын көтеру мәселесі болады деді. Бұл – елдің ең өзекті мәселесі.

«Бүгінде Қазақстан халқының 40 пайызға жуығы ауылда тұрады. «Ауыл – ел бесігі» деп халқымыз бекер айтқан жоқ. Сондықтан, ауылдағы жағдайды жақсарту алмасак – бәрімізге сын. Сол үшін мен бүгін ауылды дамыту мәселесі туралы Жарлыққа қол қоямын. Осы құжат арқылы Үкіметке ауылды дамытудың 5

жобаны жүйелі түрде реттеп, жинақтауға тиіс. Содан кейін мақсатты түрде тиімді жұмыс жүргіземіз», – деді Президент өз сөзінде.

«Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз» деген сөз бар емес пе? Демек, біздің алтын қорымыз – маң егін шаруашылығындағы түйткілді мәселелерге мемлекет барынша қолдау танытатын болады. Халықтың табысын арттыру және әлауқатын жақсартудың негізгі көзі ауыл шаруашылығын дамыту екені аян.

Әділетті Қазақстан құру жолындағы бет-бұрысқа көшетін кезіміздің келгенін, сол жолда қоғамның ынталылығын арттыруға күш салатынын айтты. Жалпы, Президент бағдарламасында қоғамның қамтылмаған бірде-бір мәселесі қалмады. Тек әділетті Қазақстанды құру жолында Президентке бүкілхалықтық қолдау көрсету баршаның міндеті деп есептеймін.

Ә.Рысбеков,

Жилебай ауылының тұрғыны.

Қазақстан-2050: денсаулық стандарты

Батыр атындағы бәсеке

Қазақ қазақ боп жаралғаннан күні бүгінге дейін тартқан тауқыметы, көрген құқайы аз емес. Әуелден аттың жалы, түйенің қомында жүріп, қазақтың тау тұлғалы, өр кәуделі ұлдары жағаға жармасқан жауға алдырмай, осынау иен-байтақ даланы ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен аман-есен сақтап қалды. Одан бөлек кешегі Кеңес Одағының тұсында дөңгеленген дүниені дүрбеленге салған екінші дүниежүзілік соғыстың оты тұтанғанда отанына дұшпанының табанын тигізбес үшін қазақтың елім деген азаматтары майдан даласына аттанды. Шыбын жанын шүберекке түйіп, кәудесін қарша бораған оққа тосып, шахид кешкен ағаларымыз аз емес. Із-түзсіз кеткені қаншама?!

Тыныш жатқан ормандай елге тұтқиылдан тиіп, берекесін бұзған дұшпанның зәре-құтын қашырып, үрейін алған батыр аға-апаларымыз бір төбе. Олар жайлы кітап беттерінде талай деректер жазылған.

Спорттық шараның шымылдығы еліміздің мемлекеттік әнұранымен түрлі. Алғашқы болып сөз алған аудандық спорт және дене шынықтыру бөлімінің басшысы А.Кішкентаев:

– Ұлы Отан соғысында Кеңес Одағының батыры атағын иеленген 500-ге жуық отандасымыздың қатарында біздің ауданның да перзенттері бар. Солардың бірі – осы Қ. Нұржанов атамыз.

Тарихи деректерге иек артатын болсақ Қ. Нұржанов 1939 жылы Кеңес әскері қатарына шақырылып, 1942 жылдың сәуірінен 2-Беларусь майданы 3-армия 5-ақштар дивизиясы 61-жеке танкіге қарсы жойғыш дивизион құрамында соғысқа қатысқан. Волга, Десна, Днәпр, Берзина өзендерін кесіп өткен барлаушы Нұржановтың майдан жолы ерлік пен даңққа толы болды. Батыр атамыздың ерлігі ескеріліп, әр дәрежедегі орден-медальдармен марапатталған.



«Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды» деген екен Б.Момышұлы. Піл сауырлы далада туып, тұтас жұрттың қорғанына айналған қаһарман ерлер Ақтоғай топырағында да баршылық. Солардың бірі де берекелі, Кеңес Одағының батыры – Қазыбек Нұржанов. От пен оқтын ортасында сонау сұрапыл жылдары кәудесіндегі шыбын жанын Отаны үшін қиған ердің есімін ұлықтау мақсатында ауданымызда әр жыл сайын әр деңгейдегі іс-шаралар мен спорттық жарыстар дәстүрлі түрде өткізіліп келеді.

Жуырда тағы да жоғарыда аталғандай ізгілікті шараның куәсі болдық. Аудандық «балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде» Кеңес Одағының батыры Қазыбек Нұржанов атындағы 2006-2007 жылғы туған жасөспірімдер арасындағы облыстық турнир өтті. Спорттық сайысқа облысымыздың әр өңірінен Шег, Абай аудандарынан және Сарышаған, Шашубай кентінен, Тасарал, Шабанбай би, Сарытерек, Ақтоғай ауылдары мен Қ.Нұржанов атындағы мектептің спортшылары қатысты. Сайдың серке тасындай іріктелген 100 балуан боз кілемде бағын сынға салды.

Кешегі батырбабаларымыздың есімін ұлықтау, ерлігін дәріптеу – біздің борышымыз. Міне, бүгін осы мақсаттың шеңберінде спорттық сайыс өткізіп отырмыз. Бұл біздің перзенттік борышымыздың бір парасы. Облысымыздың әр өңірінен ат арытып арнайы келген барша қатысушыларға сәттілік тілеймін, – деді.

Сонымен қоса, бас төреші Ж.Қожжеевте өз лебізін білдірді.

Ұзақты күнге созылған боз кілем бәсекесінде балуандар барын салып, бірін-бірі алып та, шалып та жығып жатты. 9 салмақ дәрежесінде өткен жарыста ауданымыздың намысын қорғаған спортшылар үздік өнер көрсетті. Атап айтар болсақ, 55 келі салмақта С.Сәкенұлы III орын, 60 келі салмақта Ә.Жаңабек II орын, 65 келі салмақта А.Көмекбай I орын, 76 келі салмақта Б.Нұрлан II орын және 82 келі салмақта А.Серкебай II орынға ие болды. Шара соңында барлық жеңімпаздар мақтау қағаздары мен ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды.

Е.АЙТЖАН.

Президент тапсырмасын орындай отырып...

Жергілікті өзін-өзі басқарудағы өзгерістер

Ауылдық округтердегі жергілікті өзін-өзі басқару органдарын жетілдіру. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының рөлін арттыру мақсатында жергілікті маңызы бар мәселелер бойынша шешімдер қабылдайтын өкілді орган құру талап етіледі.

2024 жылдан бастап ауыл, кент, ауылдық округтерде кеңес құрылатын болады.

Кеңес – халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқындайтын және олардың ауыл, кент, ауылдық округ аумағында жүзеге асырылуын бақылайтын жергілікті өзін-өзі басқару органы.

Кеңестің қызметін әкім аппараты (жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігі) қамтамасыз етеді.

Кеңес оның мүшелерінен және төрағасынан тұратын болады.

Кеңес төрағасы Кеңес мүшелерінің қатарынан ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы Кеңес мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен айқындалатын болады.

Кеңес төрағасы кеңес өкілеттілігінің мерзіміне сайланады. Кеңес төрағасы қызметін тұрақты негізде жүзеге асыратын лауазымды тұлға (еңбекақы төленетін) болып табылады. Кеңес құрамы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік халқының санына байланысты болады. Кеңес мүшелерін азаматтар төрт жыл мерзімге тікелей сайлайтын болады. Сайлау процесін ұсынылатын тәсілдермен үйлестіру мақсатында «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республика-

сының Конституциялық заңында регламенттелген өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау өткізу тәртібі жанартылатын болады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына кеңесті тарту өкілеттілігі берілетін болады. Кеңес тиісті аумақта күші бар құқықтық актілерді қабылдайтын болады. Кеңес қабылдаған құқықтық актілер бұқаралық ақпарат құралдарында міндетті түрде жариялануға тиіс болады.

Кеңестің өкілеттіктеріне жергілікті қоғамдастық жиынымен келісілген жергілікті қоғамдастықты дамыту жоспарын, бюджетті бекіту, оның атқарылуын бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ, жергілікті бюджеттен қаржыландыратын және тиісті аумақта орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар басшыларының тағайындалуын келісу, жергілікті қоғамдастық мүшелерінен қоғамдық медиаторларды сайлау, коммуналдық мүлктің мақсатқа сай пайдаланылуына бақылау, әкім аппараты ақылы негізде көрсететін қызметтер түрлерінің тізбесін бекіту, аудан әкіміне ауыл кент, ауылдық округ әкімін тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныс енгізу, елді мекендердің аумақтарын абаттандырудың қағидаларын бекіту, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті маңызы бар өзге де мәселелер кіретін болады.

Бұдан басқа, Кеңес елді мекендерді абаттандыру, оның санитариясы, көше саудасы, мерекелік іс-шаралар мен конкурстар өткізу мәселелерін реттейтін болады. Кеңеске жергі-

лікті өзін-өзі басқару әкімшілігі тұрғындарға көрсететін қызметтер үшін тарифтерді бекіту, сондай-ақ, заңнамада айқындалған салықтар мен төлемдер мөлшерлемесінің мөлшерін реттеу, мысалы; жер салығының базалық мөлшерлемелерін ұлғайту немесе азайту.

Кеңестің қызметін, отырыстарды дайындау, хаттама жүргізу, кеңес мүшелерінің қолдарын жинау бөлігінде және басқа да мәселелер бойынша ұйымдастырушылық-техникалық қамтамасыз ету аппаратының (әкімшіліктің) функциясы болып табылады. Кеңес жарты жылда кемінде бір рет халық алдында атқарылған жұмыс туралы есеп береді. Осылайша, кеңестің құрылуы азаматтарға барынша жақын өзін-өзі басқарудың төменгі деңгейін құруға негіз болады. Кеңес мүшелерін тікелей сайлау арқылы азаматтар жергілікті қоғамдық-саяси өмірге қатыса алады.

Ауылдық округ әкімі кеңес шешімдерінің орындалуын ұйымдастыруды және қойылған міндеттерді іске асыруды қамтамасыз етеді.

Ауылдық округ әкімінің негізгі функцияларына: жер қатынастарын реттеу, елді мекендерді сумен жабдықтауды қамтамасыз ету, халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын есепке алу және оларға көмек көрсетуді ұйымдастыру, елді мекендерді абаттандыру, жарықтандыру, көгалдандыру және санитариялық тазарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және басқалар кіреді.

Сонымен қатар, ауылдық округтің әкімі

өзіне жүктелген функцияларды іске асыру үшін Кеңес алдында жауапты болады. Өз кезегінде сайланған әкім жүргізіліп жатқан жұмыс үшін халық алдында есеп беретін болады.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың кіріс базасын одан әрі кеңейту үшін 2022 жылы бюджеттің төртінші деңгейіне салықтар мен төлемдердің мынадай түрлері:

- бірыңғай жер салығы;
 - жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;
 - жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;
 - жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлемақы берілді.
- 2024 жылы мынадай салықтар мен төлемдерді беру жалғасады:
- су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы;
 - жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;
 - жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақы;
 - заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық аудан және ауыл арасында бөлу де көзделетін болады.
- «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заң жобасының қабылдануы азаматтардың жергілікті деңгейдегі мемлекетті басқарудағы рөлін күшейтуге мүмкіндік береді.

«Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.



ЖЕРГІЛІКТІ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ

Қазақстан Республикасында жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Президентінің 2021 жылғы 18 тамызындағы № 639 Жарлығына сәйкес, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту халықтың құқықтық сауаттылығы мен азаматтық құқықтық санасының деңгейін арттыруды талап етеді. Бұл үшін бірінші кезекте жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшелері үшін, оның ішінде үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін пайдалана отырып, жергілікті өзін-өзі басқару негіздеріне оқыту бойынша ақпараттық-түсіндіру іс-шараларын жүргізу қажет.

Осы орайда, Шабанбай би ауылдық округі бойынша бекітілген іс-қимыл жоспарының тармақтарын іске асыру мақсатында ауыл тұрғындарымен жиындар өткізілуде. Онда, жергілікті өзін-өзі басқару институтының тиімділігін арттыру үшін ауыл әкімдері мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігін кеңейту талап етілетіндігі жайында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Өз кезегінде, жергілікті өзін-өзі басқару институтының әлеуетін ескере отырып, мынадай:

- қоғамдық орындарды абаттандыру және сыртқы безендіру мәселелерін шешу;
- көрме-жәрменке қызметін ұйымдастыру;
- қабірлерге арналған жер учаскелерін есепке алу және тіркеу;
- коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыру;
- өз құзыреті шегінде ақпараттық жүйелерді қолдана отырып, электрондық қызметтер көрсету жөніндегі және басқа да функцияларды аудан деңгейінен ауыл деңгейіне беру маңызды қадам болады.

Функцияларды жергілікті өзін-өзі басқару деңгейіне беру ағымдағы проблемаларды уақтылы анықтау және шешу, сондай-ақ, ауылдық округтің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған нақты міндеттерді айқындау үшін жағдай жасауға тиіс.

Мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің ара-жігін ажырату

әкімдердің жергілікті маңызы бар міндеттерді шешу үшін ресурстарды тиімді пайдалану бөлігінде жауапкершілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі заманғы трендтерді ескере отырып, Мемлекеттік органдар интернет-ресурстарының бірыңғай платформасы базасында функционалды іске асыру, онда ауылдық округтердің даму жоспарлары, бюджетке түсетін түсімдер туралы мәліметтер, жергілікті өзін-өзі басқарудың өкілді органының шешімдері, азаматтық бюджет және басқалар міндетті түрде жарияланатын болады.

Бұл портал жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жергілікті қоғамдастықпен өзара іс-қимыл жасасуына, азаматтық бастамаларды қарау мен басқа мәселелерді шешуге арналған алаңға айналады. Ақпарат әрдайым өзекті және барлық азаматтарға қолжетімді болуға тиіс.

Жергілікті қоғамдастықтарда кезең-кезеңмен жобалар конкурстары өткізілетін болады. Тұрғындардың көпшілігі дауыс беретін, аумақтарды көгалдандыруға, ортақ пайдаланылатын орындарды (сайбақтар, скверлер, спорт және ойын алаңдары және өзге де объектілер) жасауға және жөндеуге бағытталған үздік жобалар ауылдық округ бюджетінің мүмкіндіктері ескеріле отырып, одан тиісті бюджеттік бағдарламалар шеңберінде қаржыландырылатын болады. Конкурстарды өткізу үшін қаражат көлемін өкілді орган айқындайтын болады.

Сонымен қатар, бұл тұжырымдамада жергілікті өзін-өзі басқару органдарының рөлін арттыру мақсатында жергілікті маңызы бар мәселелер бойынша шешімдер қабылдайтын өкілді орган құру талап етіледі.

2024 жылдан бастап ауылдық округтерде жергілікті қоғамдастықтың жиналысы өкілді орган – Кеңес болып қайта құрылатын болады.

Кеңестің өкілеттіктеріне жергілікті қоғамдастықтың жиынымен келісілген жергілікті қоғамдастықты дамыту жоспарын, бюджетті бекіту, оның атқарылуын бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және тиісті аумақта орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдар басшыларының тағайындалуын

келісу кіретін болады.

Бұдан басқа, Кеңес елді мекендерді абаттандыру, оның санитариясы, көше саудасы, мерекелік іс-шаралар мен конкурстар өткізу мәселелерін реттейтін болады.

Кеңеске жергілікті өзін-өзі басқару әкімшілігі тұрғындарға көрсететін қызметтер үшін тарифтерді бекіту, сондай-ақ, заңнамада айқындалған салықтар мен төлемдер мөлшерлемесінің мөлшерін реттеу, мысалы:

- жер салығының базалық мөлшерлемелерін ұлғайту немесе азайту;
- мүлік салығы бойынша салық базасын анықтау үшін аймақтарға бөлу коэффициентін белгілеу және басқалар бойынша құзыреттер де беріледі.

Ауылдық округ әкімі Кеңес шешімдерінің орындалуын ұйымдастыруды және қойылған міндеттерді іске асыруды қамтамасыз етеді.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды нығайту жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінің қаржылық мүмкіндіктерін күшейте отырып жалғастырылатыны көңілге қонымды, сонымен қатар, коммуналдық меншіктен және көрсетілетін қызметтерді ұсынудан түсетін түсімдерден де қалыптастырылатын болады екен.

Ауыл азаматтарының белсенділігі жергілікті өзін-өзі басқару органдарының тиімді қызметінің басты шарты болып табылады.

Осылайша, 4-ші деңгейдегі дербес бюджеттер халықтың елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру, автожолдарды салу, қайта жаңарту, жөндеу және күтіп ұстау, елді мекендерді сумен жабдықтауды ұйымдастыру, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту жөніндегі қажетті қажеттіліктерін ескере отырып, бюджет қаражатын неғұрлым тиімді жоспарлауға және пайдалануға мүмкіндік береді, бұл түпкі нәтижесінде адамдардың өмір сүру жағдайын жақсартуға және елді мекендердің сыртқы келбетін жақсартуға ықпал ететін болады.

«Шабанбай би ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.



Жас мемлекеттік қызметші мектебі – дарынды жастар мен мемлекеттік аппарат арасындағы көпір

Қарағанды облысында 15 жыл бойы жас мемлекеттік қызметшілер мектебі өз есігін айқара ашуда. Бұл жоба жастар арасында мемлекеттік қызметті насихаттауға және мемлекеттік қызметке ең дарынды және перспективті мамандарды тартуға бағытталған.

Жобаны іске асыру бірнеше кезеңнен тұрады: жобаға құжаттарды қабылдау, іріктеу, оқыту және тағлымдамадан өту.

Мектеп маусымының салтанатты ашылуы 2022 жылғы 28 қазанда Департамент басшысының орынбасары Абылайхан Наурызбаевтың, ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы филиалының директоры Серікжан Байбосыновтың, Жастар саясаты басқармасының, «Жұмысшы жастар одағы» ҚБ, университеттер мен мектеп тыңдаушыларының қатысуымен өтті.

Был жобаға 21 тыңдаушы қатысты. Олардың қатарында А.Сағинов атындағы Қарағанды техникалық университетінің, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің, Қазтұтынуодағы Қарағанды университетінің және Қарағанды индустриялық университетінің студенттері бар.

Олар тестілеу, эссе жазу арқылы қиын конкурстық іріктеуден өтті және жақсы нәтиже көрсетті.

Бүгінгі таңда жас мемлекеттік қызметші мектебінің тағлымдамадан өтушілері «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметтің жаңа моделі» бағдарламасы бойынша мемлекеттік қызметшілерді даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды жүзеге асыратын ҚР

Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қарағанды филиалында оқыды. Оқу аяқталғаннан кейін оларға сертификаттар берілді.

Қазіргі уақытта жобаға қатысушылар Қарағанды, Теміртау, Бұқар Жырау және Осакаров аудандары әкімдерінің аппараттарында, мемлекеттік кірістер департаментінде, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінде, Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің Департаментінде, облыс прокуратурасында, сондай-ақ, ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінде тағлымдамадан өтуде. Жоба аяқталғаннан кейін мектептің тағлымдама өтушілеріне дипломдар мен алғыс хаттар беріледі, олардың кейбіреулері ғана «Жас мемлекеттік қызметші мектебінің түлегі» атағына ие болады.

Жас мемлекеттік қызметші мектебі келешегі зор жастар мен мемлекеттік аппараттар арасында көпір болуға арналған. Бұл мектептің миссиясы мемлекеттік қызмет үшін жоғары білікті, құзыретті, перспективті, талантты кадрларды даярлауда, бұл кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастырудың негізгі факторы болып табылады.

Айта кету керек, қазіргі уақытта 300-ден астам қатысушы тағлымдамадан сәтті өтті, олардың көпшілігі қазіргі уақытта мемлекеттік органдар мен кәсіпорындарда жұмыс істейді.

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті.

Школа молодого государственного служащего – мост между перспективной молодежью и государственным аппаратом

В Карагандинской области уже на протяжении 15 лет открывает свои двери школа молодых государственных служащих. Данный проект направлен на популяризацию государственной службы среди молодежи и привлечение на госслужбу наиболее талантливых и перспективных из них.

Реализация проекта включает несколько этапов: прием документов на участие в проекте, отбор, обучение и стажировку.

Торжественное открытие школы сезона 2022 года состоялось 28 октября и прошло с участием заместителя руководителя Департамента Абылайхана Наурызбаева, директора филиала Академии государственного управления при Президенте РК Серікжана Байбосынова, представителей управления молодежной политики, ОО «Союз рабочей молодежи Карагандинской области», университетов и слушателей школы.

В этом году участниками проекта стали 21 слушатель. Среди них студенты Карагандинского технического университета имени А.Сагинова, Карагандинского университета имени академика Е.А.Букетова, Карагандинского индустриального университета и Карагандинского университета Казпотребсоюза.

Они прошли нелегкий конкурсный отбор через тестирование, написание эссе и показали лучшие результаты.

На сегодняшний день стажеры школы молодого государственного служащего обучились в Карагандинском филиале Академии государственного управления при Президенте РК, осуществляющих подготовку, переподготовку и повышение квалификации

государственных служащих по программе «Новая модель государственной службы в Республике Казахстан». По окончании обучения им были выданы сертификаты.

В настоящее время участники проекта проходят стажировку в аппаратах акима городов Караганда, Теміртау, Бұқар Жырауского и Осакаровского районов, Департаменте государственных доходов, Департаменте санитарно-эпидемиологического контроля, Департаменте комитета медицинского и фармацевтического контроля, Прокуратуре области, а также в Департаменте Агентства РК по делам государственной службы по Карагандинской области.

По завершении проекта стажерам школы будут выданы дипломы и благодарственные письма, и только некоторые из них удостоятся звания - «Выпускник Школы молодого государственного служащего».

Школа молодого государственного служащего призвана стать мостом между перспективной молодежью и государственным аппаратом. Миссия данной школы в подготовке высококвалифицированных, компетентных, перспективных, талантливых кадров для государственной службы, что является ключевым фактором в формировании профессионального государственного аппарата.

Стоит отметить, что к настоящему времени более 300 участников успешно прошли стажировку, многие из которых на данный момент работают в государственных органах и предприятиях.

Департамент Агентства РК по делам государственной службы по Карагандинской области.

«Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы»

Кәсіп түбі – нәсіп

Бір кездері таңсық болған «Fastfood» ұғымы біздің қоғамға дендеп енді. Ағылшын тілінен тәржімалағанда «жылдам әзірленетін тағам» деген мағынаны білдіреді. Әлде-қалай жол түсіп шаһарға бара қалсаңыз фастфуд тағамдарының жарнамасынан көз тұнады. Ұзын-сонар көшенің қос қапталындағы «Pizza, Done» сынды әр елдің тез дайын болатын астарының ошақтарынан аяқ алып жүру мүмкін емес. Олай болатын жөні де бар. Ондай тағамдардың тіл үйіретін дәмі үлкенді де, кішіні де еріктен тыс өзіне тартып тұрады. Әуелгіде жоғарыда аталған шет елдік тамақтардың түрлері санаулы болғанымен, қазір саны артты. Дегенмен де, ұзақты күнге шаруаның шетін қайырып, үйге баруға уақыт қат болып қалғанда, фастфуд бір мезгіл ішке ел қондыруға жақсы-ақ.

Бұрындары тек шалғайдағы шәріден ғана табылатын осынау жеңік асты дайындауды қазір ауылдағы ағайын да меңгерді. Жасаған өнімін пұлдап, кішігірім кәсіп қылып отыр. Ауданымызда фастфуд тағамдарын дайындайтын жандар санаулы-ақ. Бірақ, жоқтан тәуір. Бір уақытта «ондай астар ауылға қайдан келсін» деп қалаға қарап есінуші едік. Бүгінгі таңда заман ағымынан қалмай бұл істі де қолға алып жатырмыз. Өзімізге таңсық тірлікті игеріп, бүгінде кәсібінің нәсібін көріп жатқан жанның бірі ақтоғайлық Ернұр Хамзин.

Ернұр жуырда ғана есігін айқара ашқан «Ақтоғай» дәмханасының егесі. Жұмысын жаңа бастаған нысан аялдап, ат суытып, ауқаттанып алатын жердің нақ өзі. Мұнда фастфудтан бөлек өзек жалғар өзге де тағамдар да баршылық. Апта соңында Ерекеннің өзімен тілдесудің сәті түсті.



– Мен бұған дейін аудан орталығындағы жұмыспен қамту орталығында маман болып жұмыс жасадым. Сол арада бірнеше жыл табысты еңбек еттім. Алайда, адамда өзін-өзі дамыту, арман-мақсат деген болады. Сол арманның соңынан ілесіп, аталмыш жұмыстан қол үздім. Әуелгіде осы арадағы «Микс» дәмханасын жалға алып, жұбайым екеуіміз жеке шаруашылығымызды бастап көрдік. Жаман болған жоқ. Сөйте жүріп бірталай тәжірибе жинап та алдық. Араға айлар салып, кәсібімізді ашып, шаруашылығымызды шыр айналдырамын деген

ынталы жандардың қолтығынан демеу болатын «Бастау бизнес» орталығына барып білім ұштап кәсіпкерліктің қыр-сырын меңгердім. Содан көптен көңілде жүрген жеке дәмханамыздың бизнес жобасын әзірледім және оны ойдағыдай қорғадым. Белді бекем буып жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін аудан әкімінің грантына өтініш білдірдік. Нәтижесінде қарай жобамыз мақұлданып, санаулы гранттың иегері атандық. Сонымен, көп кідірмей жұмысты бастап кеттік. Бірінші кезекте болашақ дәмхананың кескін-келбетін келістіруге көп күш салып, кішігірім жөндеу жұмыстарын жүргіздік. Қазіргі уақытта апта бойына келем деушілерге есігіміз ашық. Ас мәзірімізде бірінші, екінші тамақ түрлерінен бөлек, донер, бургер сынды фастфуд тағамдары бар. Дәмхана көшенің қос ортасында орналасқан. Жоғарыда атап өткеніміздей аудан әкімінің грантынан 1 225 000 тт көлемінде қаржы алып, өз ісімізді қолға алдық. Құдайға шүкір дейміз келермен қауым аз емес, – деп кейіпкеріміз сөзін түйіндеді.

Талай тауқыметті бастан кешкен қазақ өзінің сан ғасырлық тәжірибесіне иек арта отырып, «Адам болар жігіттің жары өзіне лайық» деп тәмсілдеген. Тау қопарып, талай-талай ауқымды істерді тәмәмдеген ер азаматтардың артында жұбайларының демеушілігі мен қолдауы тұрады. Осы тұста Ернұрдың да Алланың әмірімен, Пайғамдардың сүннетімен өзіне жар етіп алған өмірлік серігі Диананың да еңбегі мен есімін атап өткен абзал. Қол ұстасып жаңа іске бет бұрған жастарға толайым табыс тіледік.

Е.Темірханұлы.



Биыл Ақтоғай ауданы бойынша пайдаланылмаған жердің 319 мың гектары мемлекет меншігіне қайтарылды. Иә, ау баста ауыл шаруашылығы министрлігіне қарасты Жер ресурстарын басқару комитетімен өңірлер бойынша қай-тарылатын жер көлемі бекітілген еді. Біздің аймақтан 7 учаскеден тұратын 319 мың гектар жер Үкімет меншігіне өтті. Ал бұл жердің барлығы алдағы уақытта конкурста қайта шығарылмақ.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында айтылғандай, игерілмей бос жатқан жерді қайтару жұмыстары енді қарқын ала бастағандай. Игерілмей жатқан жерді қайтарып алу жөніндегі комиссия шешімімен ел көлемінде

барлық органдар жасайтын іс-әрекет пен оны орындау мерзімі белгіленген. Атап айтсақ, «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясы» АҚ жерді қашықтан зондтау ғарыш жүйесінің негізгі ұлттық операторы болып отыр.

Бұл компания жыл бойы жер пайдаланушылардың жұмысына ғарыштық мониторинг жүргізіп, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді пайдаланбау немесе дұрыс пайдаланбаған жағдайда, сол учаскелер бойынша инцидент картонкаларын 1 қыркүйектен кешіктірмей, сол жер учаскесі орналасқан жердегі жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органына «JerInSpekt» платформасы арқылы жолдайды.

– Бұл картонкалар аудан немесе қала

кемшілікті жойып, заңсыздықты қалпына келтіруі тиіс. Сондай-ақ, ғарыштық мониторингтен бөлек әр жер учаскесінің жеке адамға берілетіндей құжаты болатынын ескерсек, ондағы барлық мәлімет бойынша да жерін пайдалану не пайдаланбай отырғанын да анықтауға болады.

Баса назар аударатын жағдай, егер жер иелері нұсқау талаптарын бір жыл бойы орындамаса, жергілікті департамент бақылау объектісіне (пайдаға аспаған жер) барып, жоспардан тыс профилактикалық бақылау тексеру жүргізеді. Нәтижесімен заң бұзушылық қайта анықталса, яғни, жерін пайдаланбаса, онда Кодекс талаптарына жер заңнамасының талаптарын бұзу-шылықтарды жою

бұзушылықты жою туралы нұсқау (ескерту) жолданды. Әрі бұл жұмыс желтоқсан айының соңына дейін жалғасады.

Бір назар аударатын нәрсе бар. Мысалы, жеке шаруа қожалығы бар адамның бірнеше жыл жалға алған жайылымдық жері болады. Бірақ қожалық иесі өзіндегі малды шаруашылықтың емес, дерек-корда жеке басына тіркеп қояды. Сөйкесінше, ол жерін пайдаланбаған болып есептеледі. Міне, осындай түсінбеушіліктер орын алып жатады. Екінші бір жағдай, шаруашылық есебіне мал тіркелсе де, нормадан, яғни, 20 пайыздан аз болмағаны дұрыс. Мысалы, әр мал басына бекітілген жер көлемі бар. Біздің облыстағы жер жағдайына қарай

Игерілмеген жер мемлекет меншігіне қайтарылады

ауыл шаруашылығы мақсатындағы 2,9 миллион гектар жер мемлекетке қайтарылған.

«Жылдың соңына дейін кемінде 5 миллион гектар жерді қайтарып алу жоспарланып отыр. Игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген жер көлемі 10 миллион гектарға жуықтайды. Үкімет пен әкімдіктер келесі жылдың соңына дейін осы жерлерге қатысты нақты шешім қабылдауға тиіс. Қазір жер мәселесін тексеруге жарияланған мораторий де күшін жойды. Бұл қадам жұмысқа оң ықпалын тигізеді деп ойлаймын» деген Мемлекет басшысы сөзінің маңыздылығы енді артып келеді.

Биыл жыл басында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестікті дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң аясында ҚР Жер кодексіне өзгерістер мен толықтыру енгізілген еді. Бұл бойынша Кодекс жаңа 145-1-баппен толықтырылған. Аталған бап бойынша шаруа немесе фермер қожалығының ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдаланбау немесе ұтымсыз пайдаланудың уақытылы жолын кесу және алдын алу, бақылау субъектісіне анықталған заң бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын беру және оған қатысты әкімшілік жүктемені азайту сынды жұмыстар бақылау объектісіне бармай-ақ профилактикалық бақылауда болады.

Осы бапты іске асыру мақсатында тамыз айының соңында цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен ауыл шаруашылығы министрлігінің «Ғарыштан жерді қашықтан зондтау деректерін ұсынудың кейбір мәселелері туралы» бірлескен бұйрығы шықты. Бұйрық бойынша қыркүйек айында салалық министрліктерге қарасты Жер ресурстарын басқару комитеті мен Аэроғарыш комитеті «Бақылау объектісіне (пайдаланусыз немесе зиян келтірілген жер) бармай-ақ профилактикалық бақылау шеңберінде «JerInSpekt» платформасы арқылы жерді ғарыштан қашықтан зондтау деректерін беру кезіндегі ведомстваралық өзара іс-қимыл алгоритмін» бекітіпті. Ол бойынша



әкімшілігіндегі жер қатынастары бөлімдері бойынша бекітілген арнайы маманға түсіп отырады. Ол қыркүйектің соңына дейін әрбір инцидент картонка бойынша талдау жасап, иесінің жерді жөнсіз немесе мүлде пайдаланбағаны расталса, сол ақпаратты Жер ресурстарын басқару комитетінің аумақтық бөлімшелеріне (облыстық департаменттерге) жолдайды. Ал жерін дұрыс мақсатта пайдаланса, оны куәландыратын құжаттарды қоса тіркеп, кері қайтарады. Қыркүйек пен қараша аралығында жердің басына бармай-ақ, осылай профилактикалық бақылау жүргізілді. Тағы бір түсіндіретін жағдай, осы бақылау жұмыстары барысында ешқандай әкімшілік іс қозғалмайды. Алдымен, анықталған әрбір учаске бойынша жер заңнамасының талаптарын бұзушылықтарды жою туралы нұсқау (ескерту хат) жолданады.

Бұл нұсқау жер иесіне қолма-қол табыс етіледі немесе табыс етілгені туралы хабарламасы бар тапсырысты пошта арқылы да жүзеге асыруға болады. Тағы бір жолы, жер иесінің мобильді нөміріне 1414 қызметі арқылы СМС-хабарламамен автоматты түрде жолданады, – дейді аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы басшысы Қуаныш.

Департамент басшысының айтуынша, нұсқауды алғаны туралы бірінші белгі қойылған күннен бастап жер иесіне бір жыл уақыт беріледі. Аталған мерзімде жер иесі не шаруашылық басшысы

туралы нұсқама (бұл жолы нұсқау емес) беріледі және әкімшілік құқық бұзушылық заңына сәйкес шара қолданылады.

Бұл жолы жер иесіне берілген нұсқама жер учаскесіне құқық ауыртпалығы ретінде «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» ҚР заңына сәйкес мемлекеттік тіркелуге жатады және салық заңнамасына сәйкес жер салығы бұрынғыдан 20 есеге дейін артады.

Сондай-ақ, нұсқама талабы өз мерзімінде орындалмаса, аймақтағы жер ресурстарын басқару департаменті арқылы сотқа жер учаскесін мәжбүрлі түрде алып қою жөнінде талап-арыз беріледі.

Жоғарыда айтқандай, биылғы 9 айдың қорытындысымен «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясы» АҚ жерді ғарыштан қашықтан зондтау арқылы өңір бойынша күмәнді саналатын 50 мың гектар ауыл шаруашылығы жері анықталған. Оның ішінде 48 мың гектар жайылымдық болса, қалған 2 мыңы – егін алқаптары.

Осы бойынша қазір инцидент картонка тізбесі жасалынған. Дұрысы, күмәнді деп танылған осынша жер пайдалануға да, жоқ па?! Осы мәселені анықтау үшін бүгінде талдау жүргізіліп, департамент пен аудандағы жер қатынастары жөніндегі мамандар арқылы көлемі 50 мың гектар болатын 50 жер учаскесінің иелеріне жер заңнамасының талаптарын

төрт түліктің әрбір басына, яғни, сиырға 13,5, қой мен ешкіге 2,7, жылқыға 16,2 және түйеге 18,9 гектар жайылымдық жер алаңы бекітілген. Осыны да ескеру керек. Сондай-ақ, СМС-хабарлама мен пошта арқылы келген нұсқауды түсінбей, ауыл шаруашылығы жерлерін пайдалану тұрғысында сұрақтар туындап жатады. Дұрысы, жер иелері аудандық жер қатынастары бөлімі немесе облыстағы жер ресурстарын бақылау департаменті мамандарына жолығып, кеңес алғаны дұрыс.

Жалпы біздің ауданның аумағы 5,2 млн гектарды құрайды. Ал ауыл шаруашылығына тиісті 4 млн гектар жер бар. Оның ішінде егістікке қатысты 11,7 мың гектар.

Жеке және заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығы кәсібімен айналысуы үшін жыл сайын жоспарлы жұмыс жүргізіліп келеді. Мысалы, соңғы екі жылда өңір бойынша 350 мың гектар ауыл шаруашылығы жері берілді.

«Өнім өндіру үшін, ең алдымен, жер керек. Жері жоқ адам бизнеспен айналыса алмайды.

Кәсіпкерлерге жер телімдерін ашық әрі жедел бөлудің тиімді тәсілдері айқындалуға тиіс. Оны жыл соңына дейін әзірлеу керек. Әрбір аймақ пен елді мекенде бос жатқан немесе мақсатына сай игерілмеген жердің бар-жоғын анықтау қажет. Бұл ақпаратты бизнес өкілдері білуге тиіс. Аталған шаралар кәсіпкерлердің ғана емес, жалпы экономиканың бәсекеге қабілетін арттыра түсетіні анық». Осылай деген Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қаншама мың гектар жерді алса да, еш қажетке жаратпаған иелеріне сын айтқаны баршаға мәлім.

Расым, сан мың гектар жерді «бауырына басса да» не оған мал өсірмей, не егін екпей отырғандардың бар екені баршаға мәлім. Тіптен ауылдағы ағайын аудан әкімінің есепті кездесулерінде төрт түлігіне жайылымдық жер жетпей жатқанын айтып жүр. Енді жайылым жері болса да, бірде-бір мал ұстамайтын агроқұрылымдарға жауапты сәт тақалған сияқты.

Қ.Изақов,
ауданның жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі басшысы.



Ислам дінімен тығыз байланысы болған Еуразия кеңістігіндегі рухани құндылықтар түркі халықтарының дамуындағы мәдени және тарихи сабақтастықты қамтамасыз етті. Бұл тарихи ерекшелік қазақ халқының зайырлылық ұстанымына оң көзқараспен қарауына өз септігін тигізіп келеді. Мұны

лықтарының қарама-қайшылығы басқаша ойлайтындардың қуғын-сүргінге ұшырап отыруына жол ашты. Дініне бола адамды қуғын-сүргінге ұшыратқызбау мақсатында XVIII-XIX ғасырларда «зайырлы мемлекет» тұжырымдамасы кеңірек жая бастады. Оның мақсаты тұрғындардың діндарлық деңгейін

сияқты) сақтауға тырысты. XX ғасырдың аяғына қарай жер бетіндегі мемлекеттердің жартысынан астамы өздерін ресми түрде зайырлымыз деп жариялады. Дегенмен, бүгінгі таңда мемлекеттік деңгейде астыртын қолдау тауып әрі жүзеге асырылып отырған діни зорлық-зомбылықтың географиясы

«Дінде зорлау жоқ» делінген. Зайырлы мемлекет ешбір дінді өзге діндерден артық деп санамайды. Ешбір діннен бет бұрмайды әрі олардан алшақтамайды. Олардың құқықтарының теңдігін сақтауды өз міндеті деп біледі. Зайырлы мемлекеттің тағы бір ерекшелігі – қоғам қауіпсіздігін сақтау

Дін және мемлекет қатынасындағы зайырлылық ұстанымы

ешбір уақытта назардан тыс қалдырмау қажет. Тарихта барлық мемлекеттер діннің этикалық негіздеріне сүйеніп отырып дамығандығы белгілі. Әр мемлекеттің дін саласындағы саясатының қағидаттары әр түрлі болды. Бір мемлекеттер бірнеше діннің теңдігін мойындаған болса, өзгелері бір діннің үстемдігін қабылдап, басқа діндерге қысым жасаған жоқ. Енді бір мемлекеттер басқа дінді ұстанушылардың құқықтарын шектеген болса, өзгелері басқа дін өкілдерін өлім жазасымен қорқытып, олардың дініне тыйым салып отырды. Қалай болған күнде де, кез келген қоғамдық дүниетанымының негізінде «қасиетті» мен «киелінін» бастаулары орын алғандығын білеміз. Кез келген құқықтық жүйе өнегеліліктің қасиетті заңдарымен санасқан болатын. Алайда, мемлекеттік деңгейде қабылданған қасиетті құндылықтар мен басқа діндердің құнды-

азайту емес, түрлі діндерді ұстанатын топтарды тең құқықпен қамтамасыз етіп, дінаралық жанжалдардың жолын кесу еді. Мемлекеттің «зайырлы сипаты» дегеніміз діни қауымдардың мемлекет ісіне араласпауы дегенді білдірді. Басқа дінді ұстанушыларды қудалауға, олардың өз азаматтық белсенділігін танытуына шектеуге тыйым салынып, олардың құқықтарын елдің басқа тұрғындарының құқықтарымен теңестіру болды. Мемлекеттік саясат жеке адамның ерік бостандығына кепілдік берді. Әрбір адамға жеке өмірін өзі реттеуіне, қай дінді ұстанса да ғибадатын өз бетінше жүзеге асыруына мүмкіндік берілді. Зайырлы мемлекеттер қоғамның мәдени өмірі мен құндылықтар жүйесіне елулі үлес қосқан діндермен ерекше қатынасын (қаржылай көмек көрсету, мемлекеттік рәсімдер барысында белгілі бір діндердің рөлін атап көрсету

мен ауқымының кенесі алаңдатушылық туындатқызуда. Егер XX ғасырда діни төзімділікті жүзеге асырып келген зайырлы мемлекеттердің саны көбейген болса, XXI ғасырдың басында кері дамушы үдерістердің куәсі болып отырмыз. Көптеген мемлекеттерде, әсіресе, Оңтүстік-Шығыс Азия мен Африкада, азаматтарын «дұрыс дінді ұстануға» мәжбүрлеу мен «діннен безгендерді» жазалау фактілері көбейіп барады. Зайырлы мемлекет саясатының жағымды жағы – жеке тұлғаға бір қалыпты дүниетаным мен өмір сүру салтын агрессияшыл түрде таңуға жол бермеу болып отыр. Тұлғаның адами абыройын қорғайтын бұндай ұстаным ислам қағидаттарымен де ұштасады. Мысалы, Құран Кәрімнің 109-сүресінің 6-аятында «Сендердің діндерін өздеріне, менің дінім өзіме тән» деп айтылған болса, 2-сүресінің 256-аятында

мақсатында ешбір діннің атынан шешім қабылдамайтындығы болып табылады. Зайырлы мемлекетте әрбір азамат өзі таңдаған немесе ата-бабасынан мирас болып қалған дәстүрлі рухани құндылықтарды толығымен ұстану құқығына ие. Ешкім ешкімді дінге сенуге немесе сенбеуге, мешіт немесе шіркеуге баруға мәжбүрлей алмайды. Азамат дін саласында ерікті жеке тұлға болып табылады. Оның рухани дамуы үшін зайырлы мемлекет барлық жағдайды жасайды. Дін, мәдениет, ғылым, өнер сияқты адамның рухани кемелденуінің негізі болып табылатын салалар зайырлы қоғам дамуына үйлесімді бүтін құндылық ретінде қызмет етеді.

Ақтоғай ауданының ішкі саясат бөлімі.

Қазақстан- зайырлы мемлекет

Әлемде 113 мемлекет өзін зайырлы ел деп жариялаған болса, соның бірі – Қазақстан Конституцияның 1-бабында ҚР өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтыратыны көрініс тапқан. Сонымен бірге, Ата Заңымыз әрбір адамның діни сенім бостандығына кепілдік береді және конфессиялық, этникалық және басқа да белгілері бойынша кемсітушіліктің кез келген түріне тыйым салады. Ал жер бетіндегі 75 мемлекетте дін республиканың ресми бөлігі болып табылады.

«Зайырлы мемлекет пен қоғам – біздің тарихи таңдауымыз. Зайырлы деген атеистік дегенді білдірмейді. Зайырлы дегеніміз – озық, толерантты, ашық қоғам. Біз дәстүрлі діндерге қолдау көрсетіп, кез келген экстремизм түрін үзілді-кесілді мойындамаймыз». Бұл – Елбасының зайырлылық пен дінсіздік ұғымын шатыстырып, адасқан қандастарымызға қарата айтқан кесімді сөзі.

Дін мемлекеттен бейтарап саналғанымен, дін мемлекет тіректерінің бірі – рухани тірегі болып қала бермек. Бүгінгі таңда еліміздің ішінде онды-солды тіркеліп, діни үгіт-насихат жұмыстарын екпіндете жүргізіп жатқан әртүрлі діни бағыттағы бірлестіктер мен көптеген жат миссионерлердің істері халқымыздың, ұлтымыздың келешек болмысына, ата дініміздің бекіп өркендеуіне деген алаңдатушылығын туғызып отыр. Еліміздегі бүгінгі діни ахуал жағдайында бұрынғы өлшеммен жұмыс істеуге болмайтыны белгілі ақиқат.

Қазақстан Республикасының 2011 жылы 11 қазанында қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы азаматтардың діни сенім бостандығы жөніндегі құқықтарын іске асыруға кепілдік береді.

Қазақстандағы мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастың басты сипаты

– елімізде қандай да бір ресми немесе міндетті діннің болмауында, демек, еліміз қоғамды көркейтетін құндылықты қолдап, тұлғаның діни сенім еркіндігін қамтамасыз етеді. Демек, республиканың әрбір азаматы өз бетінше әрі ешкімнің мәжбүрлеуісіз қай дінді болса да таңдау еркіндігіне ие немесе өзінің қалауымен діни институттардан тыс өмір сүріп, қандай да бір діннің өкілі болмауға да құқылы.

2016 жылғы ресми дерек бойынша елімізде 3620 діни бірлестік бар, олардың 2527 исламдық, 331 православиелік, 654 протестанттық, 84 католиктік бағытта жұмыс жүргізеді. Қазіргі таңда оның саны әрине өзгерді. Әрбір дін өкілдері адамдарға жалпы адамгершілік құндылықтар туралы уағыздайды.

Мемлекеттің Ата Заңымен бекітілген зайырлылық сипаты – оның іргетасы, мемлекеттің ерекше сипаты. Зайырлылық қағидаты – азаматтардың дүниетанымында, көзқарасы мен діни ұстанымында, күнделікті өмірінде ерекше орын алатын құбылыс.

Еліміздегі діни ұстаным қоғамның бойына зайырлылық пен зиялылықты, имандылық пен салауаттылықты, ұлттық дәстүр мен рухани құндылықтарды дәрiптeп, оларды этносаралық және конфессияаралық қарым-қатынастарды күрметтеу мәдениетіне, дүниетанымдылық пен төзімділікке және этикалық әдептілікке қалыптастырады.

XXI ғасырдың әлемдік тәртібі мен бетбедері айқын болған қазіргі кезеңде демократияны ұлықтайтын зайырлы мемлекеттегі діни ұстаным шын мәніндегі әлемдік өркениетті, адами құндылықтарды, еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қоғамның рухани кемелденуіне қызмет ету керек.

Ә.Әбіл, ауданның ішкі саясат бөлімінің маманы.

Қазақстан 2050: білім стандарты

Шахмат ойынының бай шығармашылық мазмұны, оның үлкен тәрбиелік маңызы еліміздің алдыңғы қатарлы адамдарының назарын ертеден аударып келгені белгілі. Шахмат – ақыл-ой спорты. Сондай-ақ, адамды жылдам ойланып, шешім қабылдауға және батыл қадам жасауға итермелейтін, адам баласының дүниетанымын кеңейтетін, математика, химия, физика секілді пәндерді игеруге көп септігін тигізетін, әлемдегі кең

Шахмат – ұтқырлар ойыны



таралған ойындардың бірі екені баршаға мәлім.

Қазіргі ақпараттандыру технологиясының кең дамыған кезінде оқушылар үлкен ауқымды ақпараттарды тез қабылдап, сараптап, логикалық қорытындылар жасай білулері керек. Логикалық және жүйелі, сыни ойлауды қалыптастыруда шахматтың алатын орны ерекше.

30 қараша күні К.Байсейітова атындағы білім ордасында «Абай атындағы мектеп-интернат» КММ-нің жоғары санатты және тәрбиесі пәнінің мұғалімі Нұрсұлтан Хамзин «Шахмат ойыны» үйірмесінің жұмысын насихаттау және дамыту мақсатында «Шахмат-ұтқырлар ойыны» атты аудандық семинар өткізді. Семинарға өңірге қарасты білім ошақтарының ұстаздары қатысты. Семинар барысында аудитория арнайы жабдықталып, 30 жылдан астам педагогикалық өтілімі бар ұстаздың педагогикалық өмірі мен шығармашылық жолы туралы слайд-презентациялар көрсетіліп, көрме ұйымдастырылды. «Шахмат ойыны» үйірмесі бойынша жасаған жұмыстары, әдіскер-ұстаз Нұрсұлтан Оралұлы мен ұстаздар арасындағы шахмат ойынының жеңімпазы Гүлжанат Алданқызы шеберлік сағаттарын ұйымдастырса, оқушылармен тренинг және шахматтан оқушылар арасында жарыс өткізілді. Іс-шараға қатысқан және тәрбиесі пәнінің мұғалімдеріне «ФИДЕ шахмат ойнау ережелері» атты мануалдар беріліп, алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар тапсырылды. Шахмат ойыны жарысында К.Байсейітова атындағы мектептің оқушылары С.Қайрат жүлделі I орын, И.Бақдәулет II орын, Ә.Құрманғали III орындарды иеленді, ойын жеңімпаздарына дипломдар мен бағалы сыйлықтар табысталды. Тағылымды семинардың ұстаздарға берері мол болса, оқушылар үшін шахмат ойынын ойнауға деген қызығушылықтарын туғызды.

З.Мақенбаева, «Абай атындағы мектеп-интернат» КММ директорының оқу-ісі жөніндегі орынбасары.

Күш – білімде, білім – кітапта



Бүгінгі кітапхананың мақсаты – аудан тұрғындарының сұранысын қамтамасыз ету, сондай-ақ, оқырман қауымның ақпараттарды білуге деген талап-тілектеріне қолдау көрсету, заман талабына сай электрондық ресурстарды тиімді қолдану болып табылады. Биыл Ақтоғай ауданының орталық кітапхана жүйесіне бас-аяғы 4741 дүниелер келіп түсті. Нақты айтатын болсақ бюджеттен бөлінген қаражатқа 1429 жаңа кітап алынып, 481 дана газет-журналдарға жазылды. Жыл аяғында аудан көлеміндегі кітапханалардағы кітап, газет-журналдар қоры 260 010 дананы құрады. Оның ішінде, 258 467 кітап пен есепке қойылған мерзімді басылымдар саны 3187 және 356 дана электронды кітап. Биыл кітапхана сәтсіз орналасқан жана кітаптар ішінде І.Есенберлиннің «Көшпенділер», Д.Исабековтың «Қарғын», С.Мұқановтың «Мөлдір махаббат», Ә.Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» т.с.с. шығармалары кездеседі. Оқырмандар сұранысы бойынша қазіргі кезде әлем болып оқып жатқан, шетелдік жазушылардың психология саласындағы «Өзінді өзің жетілдір», «Ақылды бала: баланың ақыл-ойын жан-жақты дамытудың 12 озық стратегиясы», «Бедный папа, богатый папа» тағы сол сияқты аударма кітаптары келіп түсті. Келер жылы да келген жана басылымдармен таныстыру мақсатында тұрғындарға, Ақтоғай селосындағы әр мекеме қызметкерлеріне арналған жыл-жымалы кітап көрмесін апару дәстүрі өз жалғасын таппақ.

Ақтоғай ауданы орталықтандырылған кітапхана жүйесі КММ материалдық техникалық базаны нығайту үшін 2022 жылға музыкалық аппаратура, моноблок, темір сөрелер, принтер МФУ, голограмма, VR-көзілдіріктер алынды. Кітап қорын толықтыру мақсатында жаңа кітаптар алынып, баспасөз басылымдарына жазылу жүргізілді.

«Кітапхана – білім көзі, кітапханашы – оның тірегі» деген сөздің өзі көп мағынаны береді. Қазіргі технологиялар

тартысқа түскен заманда кітапқа деген қызығушылықтарын оятып, кітапханаға оқырмандарды көптеп тарту мақсатындағы игілікті іс-шаралар кітапханамызда жыл бойы дәстүрлі және еркін форматта жиі өткізіледі. Оған көзі қарақты оқырман куә.

Республика бойынша бір мезетте барлық кітапханаларда өткен «Кітапфест» кітап фестивалінен біздің кітапханамыз қалыс қалмай, алғашқылардың бірі болып қатысты. Шара ауқымды әрі жоғары дәрежеде болып өтті. Фестиваль көптің көңілінен шығып, нағыз кітап мерекесіне айналды. Аталмыш шара аясында «Жұлдыздар шеруі», «Мен не оқыдым?», «Сұрақтар фуршеті», «Үздік кітаптар», «Ахмет Байтұрсынұлымен қауышу» айдарлары бойынша әр дәрежедегі шаралар ұйымдастырылып, «Айфон мен кітап» көрінісі көпшілік назарына ұсынылды. Сонымен қатар, кітапханамызға үнемі келіп, жаңа кітаптарды көзмайын тауысып оқитын оқырмандар арасынан «Үздік оқырмандар» анықталып, марапатталды.

Жыл көлемінде аудандық кітапхана жүйесінде өткен іс-шаралар легін жіпке тізгендей түгендей берсек шығандап кетеміз. Десе де, солардың бірнешеуіне тоқталып өтсек:

31 мамыр – қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай кітапханада «Ақтоғайлық ағайынды Жүнісовтер» атты жаңа кітаптың тұсау кесер шарасы өтті. Осылайша кітапхана қоры оқырмандарға рухани азық беретін тағы бір кітаппен толықты. Бұл кейінгі ұрпаққа сабақ боларлық, болашаққа бағдар беретін таңғы шықтай таза, тамшы судай мөлдір кітап.

Сонымен қатар, «Әдеби өлкетану» аталымының шеңберінде Сарытерек ауылының кітапханасының мамандары жерлесіміз, былғары қолғап шебері Ермек Ерасылмен «Жерлесіміз – Азия чемпионы» атты онлайн форматта сұхбат өрбітті. Тораңғалық ауыл кітапханасы жерлесіміз жазушы, журналист, филология ғылымының кандидаты, доцент Фазиз Ештанаевпен «Сарыаркам сағыны-

шымның үні еді» тақырыбында тікелей эфирде кездесу өткізді. Нарманбет ауыл кітапханасының ұйымдастыруымен «Арқаның арқалы ақыны – Абзал Бөкен» атты сыр-сұхбат фейсбук желісінде тікелей эфир өтті.

Шашубай кент кітапханасында «Құт дарыған аймағым» тақырыбында ақын Нұрдос Кәріммен тікелей эфир, аудандық кітапхана тарапынан жерлес ақын Жеңіс Қашқыновтың туғанына 80 жыл толуына орай «Елдік пен ерлікті жырлаған ақын» атты байқау ZOOM платформасында онлайн іс-шара болып өтті. Жидебай ауыл кітапханасының кітапханашысы «Ерлік – елге мұра, ұрпаққа – ұран» тақырыбында, тікелей эфир форматында Кенес Одағының батыры, жерлесіміз Қазыбек Нұржанов туралы зерттеулер жүргізіп, әртүрлі аудандық, облыстық, республикалық газеттерде батыр туралы мақалалар жариялап жүрген Адамбаев Айдынғалидан сұхбат алып, тағылымды істің өтуіне ұйытқы болды.

Бұдан бөлек ауыз толтырып айта кетерлік жаңалықтың бірі – Мағден Айжан «Тарих сөйлейді» жобасының негізін қалап, қолданысқа енгізді. Жоба мақсаты – кітапханаға оқырман тарту, өлкені кеңінен таныстыру, кітапхананы басқа қырынан көрсету. Аталмыш жобаны Ақтоғай ауданы әкімдігінің назарына ұсындық. Нәтижесінде әкімдік тарапынан қаржылай көмек көрсетіліп, қос кітап жарыққа шықты. Кітаптың ерекшелігі сонда – парак бетіндегі фотосуретке смартфонды тақатсаңыз, көрсетілген сурет жөніндегі видео ақпарат ешқандай сілтемесіз қалтафон экранынан көрсетіледі. Алдағы уақытта кітапханамызда осы кітаптың тұсаукесерін өткізу жоспарда бар.

Бұл жобамыз Ж.Бектұров атындағы Қарағанды облыстық жасөспірімдер кітапханасы ұйымдастырған «Креативті идеялар, инновациялық тәжірибелер банкі» байқауының I дәрежелі дипломды жеңіп алумен қатар, Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Е.Жұмакеновтың алғыс хатымен марапатталды.

5 желтоқсан мен 16 желтоқсан арасында өтетін «Book-slam» жарысы туралы айта кетсек. Сонымен қатар, Жидебай ауыл кітапханашысының ұйымдастыруымен 28 қараша-16 желтоқсан аралығында «Журналист болғым келеді!» байқауы өткізіліп жатыр. Байқауға қатысамын дейтін барлық азаматтар кітапханамызға хабарласып, шарттарымен таныса алады.

Бүгін бір Мәдениет саласының бір бөлігі ретінде, кітапханашылардың халыққа, ұлтымыздың мүддесіне, руханиятына енгізіп жатқан қызметі елсіз қалып жатқан жоқ. 21 мамыр мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай Қарағанды облысы бойынша үздік ауыл кітапханашы атағын Ақтоғай аудандық ОКЖ директоры З.Сәтекова иеленді.

Биыл ресми түрде 24 қазан – кітапханашылар күні болып бекітіліп, осыған орай, Қарағанды облысы әкімінің алғыс хатымен И.Нұрпейісова, Ақтоғай аудан әкімі құрмет грамотасы және алғыс хатымен С.Көжебаева, Ә.Махсұтова, М.Базарбекова, Э.Смағұлова, Г.Шайбекова марапатталды.

«Арқа даласы – Ақселу әлемінде» атты өлкетанулық әдеби марафоны аясында өткен «Мен оқыдым, сізге де оқуға кеңес беремін» облыс кітапханашылар арасындағы буктрейлер байқауына қатысып, Н.Сағындықова, Ә.Махсұтова, Ә.Камериятқа сертификат табысталды.

Алдағы міндетіміз әртүрлі бағытта оқырмандар клубын, үйірмелерді көбейту. Соның ішінде, келер жылы Жидебай ауыл кітапханасында «Сөз өнері» клубын ашу жоспары тұр. Жалпы ауданымыздың бірнеше ауылдарында құрылымы мен құрамы жағынан да, мерзімі жағынан да, түрі жағынан да, жобаның күрделілігі жағынан да әртүрлі жаңа жобалар, үйірме-клубтар ашылатын болады. Осы мақсатта қазіргі уақытта жұмыстар жасалып жатыр. Кітапханашылардың біліктілігін арттыру, компьютер паркінің жаңарту жұмыстары, әдістемелік көмек көрсету жұмыстары назардан тыс қалмайды.

З.Сәтекова,
аудандық кітапхана директоры.

Сенім телефоны

«Ақтоғай ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамалардың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңдылықтардың талаптарын бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 8(71037)-2-10-44 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

Сенім телефоны

Ақтоғай ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінде мемлекеттік қызметкерлердің Әдеп Кодексін, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларды, сыбайлас жемқорлықпен күрес жұмысындағы талаптарды бұзу фактілері туралы хабарлама жасау үшін 2-16-34 нөмірлі сенім телефоны жұмыс жасайды.

Ауылым жүрегімнің шам шырағы

Нарманбет, Манарбек жеріңімнің,
Қарабұлақ, Жаңаорталық төріңімнің.
Зер салса санасына жегілермін,
Сөзім еніп жүрегіме егілермін.

Нарманбет ақындықта бір ұлы еді,
Манарбек күміс көмей дүлділі еді.
Күләш туған Қарабұлақ ауылымнан,
Әлемді таң қалдырған бұлбұлы еді.

Ауылым жүрегімнің шам шырағы,
Өрісі кең, суы тұщы бал бұлағы.
Жақсы жәйсаң өткен-тін ауылымнан,
Ауылымның асыл ғой топырағы.

Сағынамын жусаның, миясың, қоғасың да,
Сағынамын үлкен, кіші ағасың да.
Сағынамын тоқырауын өзгенді,
Сағынамын оның құмдақ жағасың да.

Сөзім тұлпар ел көңілін аралаймын,
Ауылымды жырлағасам жарамаймын.
Ауылымның туып өскен әр түлегін,
Алтыннан да жоғары бағалаймын.

АБ

Асқар-Әли Әсемхан тегі.

Оқырман дәптерінен

Өмір ойын

Өмір ойын, қуанасын, жылайсың,
Өмір ойын, мұнасың, шыдайсың.
Бұл ойында көмек беріп біреуге,
Сол адамнан өзін көмек сұрайсың.

Бұл ойында жеңілесің, жеңбейсің,
Мәңгі бақи ешкімді сен көрмейсің.
Жинасаң да қанша ақша байлықты,
Мәңгі өмір ешқашан сен сүрмейсің.

Бұл өмір арпалыс қой дүрбелен,
Өтіп жатыр суық, жылы күнменен,
Бүгін барсын ертең жоқсын өмірде,
Не істесең де, жеңілсең де күлімде.

Н.Дәуіржанұлы,
Ә.Ермеков орта мектебінің 10 сынып оқушысы.

АБ

Салауатты өмір салты

Электронды темекі оқушылар арасында неге танымал?

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, жер шарында 1 млрд-тан астам адам шылым шегеді. Темекі тұтынушылар жылына 5,7 млрд дана табак өнімдерін пайдаланып, 1 млн тонна тұқыл тастайтын көрінеді. Ал қоғам белсенділері электронды темекіге еліткен жастар денсаулығына алаңдаулы.

Бүгінде электронды шылым жасөспірімдерді желіктіріп, түтінімен еліктіріп тұр. Алаңдатары сол Вейп темекінің жарнамасы жарқырап, шылымның бұл түрі еркін сатылымда, балаға қолжетімді бағада. Сорақысы сол тәтті буға тәтті болған мектеп оқушылары мұны сөнге айналдыруда. Тіпті, кейбір темекі тұтынушылары бұл өнім адам денсаулығына зиянды емес деген болжам айтып, сөзге еліктеп жүр. Өзгелер иісі сасық деп өкпе айтпайтын болғандықтан, сыртты былай қойғанда, оны ғимараттың ішінде, үйде шегетіндер көбейген. Бұл құтылы темекіні біреулер ермек үшін қолданса, өзгесі көдімгі шылымды тастауға көмектеседі деген ойда.

Дәрігер мамандардың пайымдауынша, электронды темекінің негізгі бөлігі ол – никотинді улы зат. Ол канға өтіп, психологиялық тәуелділік туындатады. Адам оны шекпесе ашуланшақ болады. Жүрек-қан тамырларына әсер етеді. Жеткіншектерді хош иісімен елітіп тұрған Вейп өнімдердің де зияны ұшан теңіз. Құрылғының құрамында резина өндіруге арналған токсинді формальдегид атты химиялық заттар бар. Бұл қосылыстар адам ағзасына түскеннен кейін, бауырда жиналады. Ал стиктердегі хош иістер шылым шеккеннің ғана емес, жанындағы адамдардың да ағзасында аллергия тудыруы мүмкін. Сондай-ақ, өкпе мен бүйрекке зиян тигізеді. Ұзақ уақыт бұл құрылғыны пайдалану тіпті қатерлі ісікке әкелуі мүмкін.

Бүгінде электронды темекілер бұл — Алып, Эйкос, Вейптар елімізге сертификатсыз кіргізіліп жатыр. Оның құрамын ешкім зерттеп жатқан жоқ. Ал дәрігерлер, электронды темекі құрамында психобелсенді заттар, ауыр металдар бар екенін айтып ескертуде.

Д.Битанова,

«Ақтоғай ауданының орталық ауруханасы» КМК салауатты өмір салтын қалыптастыру маманы.

Еске алу



Ақтоғай ауылының тұрғыны, көршіміз **Асылбеков Төлент Орынбекұлы** егерде тірі болса көрші-қолаң, ағайын-туыс болып 60 жасын арқа-жарқа тойлап жатар едік. Отбасының алып бейтерегі, туған-туысының жанашыры, достыққа адал күні кеше ғана арамызда жарқырап жүрген азаматты сағынышпен еске аламыз.

Біз үшін орны әркезде бөлек кимас жан көзден кетсе де, көңілімізде мәңгі сақталады. Алланың жазуына ешкім де қарсы тұра алмайтыны рас, тек рухына дұға тілеп, иман байлығын сұрап марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын деп дұға бағыштаймыз.

Жан едің тым ерекше кешірімді,
Жер-ана тербесінші бесігінді.
Сипаймыз барған сайын алақанмен,
Құлпытасқа жазылған есімінді.

Еске алушылар: көршілері – Рымбек-Роза, Нұрлан-Бану, Арынгазы-Айнагүл, Арыстан-Батай, Азамат-Гүлмира, Ерлан-Гүлмира, Ескендір, Әлия, Бақыт.

Жидебай ауылының тумасы, отбасының қорғаны, мектеп қабырғасында бірге оқып, бір партада отырған, ардақты азамат **Түскеев Асылмұрат Құмарұлының** өмірден озғанына байланысты отбасына, туған-туыстарына қабырғамыз қайысып, қимастықпен көңіл айтамыз.

Көңіл айтушылар: барлық сыныптас құрбы-құрдастары, мектепті 1974 жылы бітіргендер.

Еске алу

Аяулы жар, асқар тау әке, немерелерінің сүйікті атасы **Қасымов Серікбайдың** өмірден өткеніне де жыл толды. Күн өткен сайын әкеміздің жарқын жүзін сағынамыз. Халқына сыйлы ағайын-туыспен балаларының ыстық ықыласы мен құрметіне бөленген әкеміздің асыл бейнесі мен жайдары мінезі мәңгілікке жадымызда сақталады. Топырағыңыз торқа, жаныңыз жәннатта болсын.



Ақкөңіл адал едің аңқылдаған,
Ешқашан кісі көңілін қалдырмаған.
Әкетті тосын ажал арамыздан,
Кеуденде кетті-ау арман айтылмаған.
Әкешім шаңыраққа болдың пана,
Жамандық қылмаушы едің ешбір жанға.
Амал не жоқсыз бүгін ортамызда,
Сағындық, әке, сізді баршамызда.
Жан әке, ұл-қыздың тірегі едің,
Тірі болсаң жарқылдап жүрер едің.
Болмасаң да бүгін біздің жанымызда,
Айтқан сөзің, әр ақылын, жадымызда.
Жұбанышпен жанымыз жабырқаулы,
Сағынышпен ұл-қыздарын еске алады.
Өзіңізбен өткізген әрбір күндер,
Жадымызда мәңгіге сақталады.
Асқар таудай ақиық қамқоршы едің,
Біздер үшін төгілген мандай терің.
Бір Алладан өңдігі тілеріміз,
Жайлы болсын, әкетай, жатқан жерің.

Сағына еске алушылар: жұбайы – Мариям, бауыры – Күмісжан, балалары.

Әкеміздің жылдық асы осы жылдың 23 желтоқсанында сағат 12.00-де аудандық «Ақсоран» мешітінде беріледі. Асқа ағайын-туыс, құда-жекжат, әкемізбен қызметтес болған барлық жамағатты шақырамыз.

Бақұл бол, бауырым!

Жаңа басталған желтоқсанның ызғарлы күндерінен де суық хабар бірге оқыған класстастардың (57-лердің) жандарын қарып өткендей әсер етті. Айналасын әуезді әнге бөлеп, әрқашан шалқып-басып, судай тасып жүретін, жаны жайсаң асыл досымыз – **Асылмұрат Құмарұлы** арамыздан кетті. Отбасы, жақындарымен



бірге біз де аза тұтып, қатар жүрген, кимастай болып кеткен құрдасымызды жоқтап қалдық.

Тай-құлындай тебіскен, кішкентайдан бірге өскен, балалық балдәуреннің бар қызығын бөліскен мектеп қабырғасындағы қызықты оқиғаларды еске алып, сыртта жүргендеріміз келгенде біріге қалып, сағынышымызды басушы едік.

Ұлдардың бір жылдары жартасқа барып айқайлағандары бар-тын. Кейде орманға барып, бір сәт балаша алысып-жұлысып ойнасақ, артынан көленкеде дем алушы едік. Төбемізден төніп тұрған бір ағаштың бұтағындай жақын, бауырмал, ұйымшыл екенбіз-ау.

Міне, бүгін сол көп жапырақтан тағы біреуі үзіліп, өз жолын аяқтағандай болды. Жоқ, әлгі жапырақ ұзақ айналып, желмен тербеліп жүргендей сезініп, бір әдемі әуен естігендей болдық. Қай әуен бұл? Әрине, бұл Асжанның айтатын «Достарым» әні ғой. Өзің болмасаң да, жарқын бейнеңмен қоса, ортамызды думанға бөлеген, құлаққа жағымды, сазды дауысың мәңгілік есімізде қалары сөзсіз.

Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын, Асылмұрат досымыз.

Класстастарың 1957-ші жылғылар.

Еске алу

Отбасымыздың арқа сүйер қорғаны, немере-шөберелерінің сүйікті әжесі, аяулы да қамқор жан, руы – Қара, Өлтеке-Әтембек келіні **Ақылбайқызы Карима** анамыздың өмірден озғанына бір жылдың жүзі болды.



«Өмір – өткінші», «Дүние – жалған» деген сөздерді тағы бір дәлелдеп, сұм ажал анамызды ортамыздан алып кетті. Тіршілігінде ағайын-туысына бауырмал, әулетіміздің үлкен жанашыры болған ардақты анамызды сағынышпен еске аламыз. Біз үшін әркез де орны бөлек қамқоршымыз болған асыл ана, көзден кетсеніз де, көңілімізде мәңгі сақталып қала бермесіз. Барлық адами қасиеттерді бойымызға дарытқан мейіріміз бен қажыр-қайратыңызға басымызды иеміз. Мейірімді жүзіңіз бен әрбір айтқан аналық ақыл-көнесіңіз санамызда жаңғырып тұр. Қанша уақыт өтсе де аласармайтын, жыл өткен сайын биіктей беретін, аяулы жан анамыз дүниеден өтсе де, рухы мәңгі бізбен жасай бермек.


Жаныңыз жәннатта, төніңіз рахатта, Алладан рахым, Пайғамбардан шапағат болсын, иманыңыз өзіңізге жолдас болып, нұрыңыз пейіште шалқысын деп аруағыңызға дұға бағыштаймыз.

Келмесіңе кім қияды анасын,
Түс көргендей болып пенде қаласын.
Анаң ғана мәңгі өмір сүрердей,
Жаулайды екен перзентінің санасын.
Мейлі анаң жүзден асып кетсе де,
Көрілігі қуып жүріп жетсе де.
Перзент үшін қартаймайды анасы,
Қиындық пен сынақтардан өтсе де.
Асыл ана, жүзің нұрлы күн едің,
Шаңырақтың мерекесі, гүлі едің.
Сабырлы едің, қадамы бар салмақты,
Мейірімге бөлшегі едің жан-жақты.

Сағына еске алушылар: балалары, немере-шөберелері.

Ақылбайқызы Карима анамыздың қайтыс болғанына бір жыл толуына арналған жылдық асы Ақтоғай ауданы орталығындағы «Ақсоран» мешітінде 17 желтоқсан күні сағат 13.00-де беріледі. Құрметті ағайын-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, дос-жаран және көз көрген барлық жамағатқа хабарлаймыз.

Еске алу



Ақтоғай ауданы, Сарытерек ауылының тумасы, руы – Тобықты-Құттыбай асқар таудай әкеміз **Игебеков Дәулетбек Шайкенұлы** 72 жасында тал бесіктен жер бесікке аттанғанына 40 күн толады. Ағайын-туысқа ардақты әрі қадірлі бола білген. Халқына тек адал көңілмен еңбек ете білді.

Отбасымыздың тірегі, шамшырағы, ақылшысы, қамқоршысы болған әкемізді сағынып еске ала отыра:

Ерң еді еңбегің де тәрбие мен талғамын,
Сіз кеткелі сезгендейміз сағыныштың салмағын.

Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, қараңғы жерің жарық, тар жерің кең, жаның жәннатта болсын дейміз.

Еске алушы: жұбайы – Қанағат, балалары – Нүргелді-Индира, Асқар-Гүлмира, Данияр-Мейіргүл, Айтгүл, жиендері: Аяна, Исатай, Аяла және барша туыстары.

Марқұм әкеміздің 40 күндік дәм-дұғасы «Ай-Фар» мейрамханасында желтоқсанның 18-і күні сағат 13.00-де беріледі. Әкемізбен бірге жүрген жора-жолдастарды, ағайын-туыс, құда-жекжат, көрші-қолаң, қызметте бірге еңбек еткен әріптестерің, барша танытын жамағатты құран бағыштауға шақырамыз.

Құттықтаймыз!



Құрметті Нығанұлы Серік!

Бірімізге асыл әке, енді бірімізге камқор бауыр, қадірменді ата, сыйлы отағасы 63 жас – зейнет жасына толып отыр.

Шаңырағыңызға береке-бірлік, өрге өрлейтін өмір, ұлы өмірді женетін уақыт, ешкім ешқашан көрмеген

бақыт, әрқашан орындалатын арман, шадыман-шаттық, қуаныш тілейміз.

Өмір саған жылы сөзін арнасын,

Қайғы мұңға жүректе орын болмасын,

Жанарыңнан күн күлімдеп әрқашан,

Ай мен жұлдыз кеуден кеп орнасын.

Тілек білдіруші: бауырлары – Майра, Қабдрахым-Зайра, Берікбол-Саягүл Роман-Айнагүл, Әділ-Алмагүл, Жанар, Серікбол-Гүлнар, Нұрбол-Жанат, Нұрлан-Айгүл

Құрметті бауырымыз Манарбек Бөрігүлұлы!

Сені 60 жасқа толған туған күнінде құттықтаған бауырларыңның ақ тілегін қабыл ал!

Адам өмірінің асқар биігі 60 жас – жастықтың соңы, қарттыққа аяқ басатын нағыз немере қызығын қызықтап, еңбектің зейнетін көретін жасқа аяқ басатын кезең. Сондықтан, алдағы өмірінде отбасыңның алтын қазығы болған жан-жарың Раушан екеуің қос балапандарыңнан немере сүйіп, сол немерелердің тәтті қылығын қызықтап, шөберенің қолынан су ішуге жазсын. Қос өкеннің ұзақ жастарын беріп, алдағы белестерден қызықпен өтіп, Алланың берген жасына жетуге нәсіп етсін. Отбасыңнан бақыт пен қуаныш арылмасын!

Бауырым, 60 жасың құтты болсын,
Көңілің күлген күндей ашық болсын.
Әрқашан шаңырағыңнан «аталаған»,
Немерелер шуылына толсын.

Тілек білдірушілер: әкеміз – Бөрігүл, шешеміз – Тәкіш, Сайлау-Қорлаң, Серік-Бибігүл, Серік-Зайдагүл, Ерлан-Анар, Жазыбек-Эльмира, Данияр-Жанар.

Құрметті құдамыз Кішкентаев Серік Нығанұлы!

Сізді 63 – зейнеткерлік жасқа толған мерейлі қуанышыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат, бақ-береке тілейміз. Зейнеткерлік демалысыңыздың әр күні шаттыққа толы болсын. Балаларыңыз

бен немерелеріңіздің қызығына тоймай, өмірдің биік шыңдарынан сүрінбей өте беріңіздер. Дос-жаран мен туған-туыс алдында абыройыңыз артып, айтылған ақ тілектер періштенің құлағына шалынсын дейміз.

Зейнеткерлік жасыңыз құтты болсын,
Қуаныш пен шаттыққа орта толсын.
Денсаулық мықты боп, ұзақ жасап,
Шаңыраққа бақыттың құсы консын.

Ақ тілекпен: Әменов Манаттың отбасы.



Қадірлі отбасылық жолдамасымыз Изаков Қуаныш Қадырұлы!

Сені келіп жеткен асқаралы 60 жас мерейтойыңмен шын жүректен құттықтаймыз! Алпыс атты асуға қадам басқан құрметті досымызға қажырлы қайрат, зор денсаулық, отбасына амандық, жемісті еңбек тілейміз. Бала-шағаларыңның қызығын қызықтап, немерелеріңнің қуаныштарына шаттанып, шөбере сүюге Алла нәсіп етсін. Қосағыңмен қоса ағарып, ағайын-туыс, достарыңның ізеті мен құрметіне бөленіп, ұзақ өмір сүре беруіңе тілектеспіз. Осы қалпыңнан таймай әлі де биік белес, асқар асулардан аса беруге жазсын.

Алпыс деген асқар шыны азаматтың,
Кемел белге шығатын парасаттың.
Бойда жігер толысып осы шақта,
Шабысындай үдесін қазанаттың.

Ізгі тілекпен: достары – Әуелбек, Қазбек, Сейіл, Сайлаудың отбастарынан.

Құрметті де қадірлі Алиева Тұрымхан!

Сізді 60 жасқа толған торқалы тойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Сізге жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі де кіршіксіз көңіл, дәңгіздің саулығын, отбасының амандығын тілейміз. Қызыққа толы ғұмыр кешіп, көпшіліктің ыстық ықыласы мен құрметіне, ризашылығына бөленіп, арамызда бүгінгі күндей жарқырап, күліп-ойнап, Алланың берген жасын жасай беріңіз!

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты боп, шаттық өмір сүріңіз.
Алпыстың да асқарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.

Ізгі ниетпен: жолдасы – Кәкен, құдағиы – Шәрбат, күйеу баласы – Тілек-Арайлым, жиендері – Мерей, Адина.



Құрметті көршіміз Кішкентаев Серік!

Сізді зейнеткерлік жасқа толуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Қуаныш иесіне әлемдегі бар игі жақсылықтарды тілейміз. Алланың тарту еткен әр күні тек қуаныштардан тұрсын. Тәтті өмірдің бақытына кенеліп, бау-бақшадай көгеріп, өсіп-өніп, бақытты да ұзақ өмір кешіңіз. Бала-шаға бақытына бөленіңіз. Бір Алла жар болсын, жүрген жолыңыз әрдайым ақ болсын. Жүзіңізге шаттық пен күлкі үйіріліп, бақыт бесігінде қуанышты серік етіп, тербеле беріңіз. Ұзақ жылғы еңбегіңіздің жемісін көріңіз.

Құтты болсын бүгін туған күніңіз,
Амандықта ортамызда жүріңіз.
Жаратқаным жар боп сізге қашанда,
Сәттілікте өтсін әрбір күніңіз...

Ізгі тілекпен: көршілері – Сәкітай, Рымқұл, Катя, Әбітай, Ерлан, Ержан, Кінар, Қуандық, Бағдат, Айдың, Талғат, Әсет, Балқашбек, Жәніс, Серік, Рахман, Мәрлә, Зәуреш, Нұрман, Мүсіркеп, Самат, Сәкен, Жетпіс, Ерлан Н., Бота отбастарынан.




Қадірлі құдамыз Айбол Айтжанұлы!

Сізді асқаралы 60 жасыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, отбасыңызға зор денсаулық, ұзақ та қызықты ғұмыр, ырыс пен ынтымақ, бақыт пен береке тілейміз. Шығар шыңыңыз, алар асуыңыз әрқашанда биік болсын.

Сонымен қатар, сүйікті де сүйкімді немереңіз Мариям 1 жасқа толып, екі әулетті қуантып жатыр екен. Балапанның тұсауына ақ жол, басына бақытты балалық шақ нәсіп етсін.

Айке! 60 Жасың құтты болсын,
Жүзіңіз әрқашанда нұрға толсын.
Немереге Сіздің жасты беріп,
Шөберенің 1 жасын көру жазсын.

Ізгі тілекпен: құдаңыз Сайлаукеннің отбасы, балалары мен немерелері.



Құрметті әріптесіміз Думан Қабыл!

Сізді келіп жеткен 30 жас мерекенізбен шын жүректен құттықтай отырып, сізге осы қуанышты сәтте бақытты да баянды ғұмыр, жемісті де жеңісті күндер, қажымас қажыр-қайрат, талмас талап-жігер тілейміз. Әрқашанда деніңіз сау, көңіліңіз жайдары, отбасыңыз берекелі болсын!

Әрдайым жүзіңіз нұрға, өміріңіз жырға толып, алға қойған үлкен мақсаттарыңызға сүрінбей жете беруіңізге тілектеспіз. Аспаныңыз ашық, жүзіңіз жарқын, шаттық-қуанышыңыз мол болсын!

Жас та болсаңыз, өзіңіздің еңбек етіп жүрген саланызда білікті де білгір маман ретінде танылып үлгердіңіз.

Осы айтулы сәтте сізге келешекте мамандығыңыздың үздік шебері атанып, алға қойған үлкен мақсаттарыңызға сүрінбей жете беруіңізге тілектеспіз. Өмірде бақытты, ұжымда беделді, дос-жолдастарыңызға қадірлі де сыйлы боп тек биіктерден көріне беріңіз!

Ізгі тілекпен: «Aqtogai ajary» ұжымы және ардагерлері.

Асқар таудай әкеміз Кішкентаев Серікті зейнеткерлік жасқа толған мерейлі сәтіммен құттықтаймыз!

Денсаулығыңыз қуатты, ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын. Өзеннің ағысындай, тұлпардың шабысындай, күн жағымыздан көленке, жел жағымыздан пана болып, бала-шағаныздың қызық-қуаныштарына кенеліп, Алланың берген жасын жасай беруіңізге тілектеспіз! Шаңырағыңызда шат-шадыман күндер тарқамай, ырыс-несібеніз арта берсін.

Құтты болсын зейнеткерлік жасыңыз,
Жақсылық пен қуаныштан тасыңыз.
Ел-жұртыңның ортасында есен-сау,
Күліп-ойнап, жүзге келсін жасыңыз.

Ақ тілекпен: анамыз – Кенже, балалары – Айдос-Гүлбарам, Жандос, Мақсат-Санагүл, Әсет-Айнұр, Нұрсәт, немерелері, жиендері.



Құрылтайшы: ЕЛЕУСИЗОВА ГҮЛНАР МЕТАЕВНА

Редактор: Г.ЕЛЕУСИЗОВА

Меншік иесі: “Ақтоғай ажары” газеті редакциясы ЖШС

Тіркеу куәлігі: №KZ94VPY00019192. (Қазақстан Республикасы ақпарат және даму Министрлігі 2020 жылы 10 қаңтарында берілген)

Газет аптасына 1 рет шығады

Жауапты хатшы: Думан Қабыл

Кезекші редактор: Еркебұлан Айтжан

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, Қарағанды қаласында «Арқо» баспаханасы ЖШС-де басылады. Сәтбаев көшесі, 15-үй

Мақала авторларының пікірі газеттің көзқарасын білдірмейді. Таралымы 1200 дана

Мекен-жайымыз: 100200, Ақтоғай ауылы, Абай көшесі, №1 а үй.

Телефондар: редактор: 2-18-81, тілшілер, компьютер орталығы: 2-15-39



Электрондық пошта aktogai_red@mail.ru

Газетке А4 форматты 3 беттен асқан материалдар қабылданбайды.

